

**БОДЖМАН ҚАҒАН ҰЛДАРЫ МЕН ІНІСІ ИСТЕМІНІЦ ТҮРКІ ТЕКТІ
ЕСІМДЕРІНІЦ КҮЛТЕГІН ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТАҢБАЛАНУЫ /
TURKIC NAMES OF THE SONS OF BODŽMAN KAGAN AND HIS YOUNGER
BROTHER ISTEMI WRITTEN IN WRITTING MONUMENT IN HONOR OF THE KUL
TIGIN HAD BEEN DISCOVERED**

Орынбай БЕКЖАН *

Түйнде

Көктүрік қағанатын құрған Бумын-Боджман қаған және оның інісі Иstemінің есімі Күлтегін ескерткішінде жазылып қалғаны белгілі. Сонымен бірге бұл есімдер ежелгі қытай жазбаларында да хатталған. Онда олардан кейін билік құрған үрпақтарының да есімдері туралы дерек келтіріледі. Ол деректе Иstemі аты Сідиәнми болып айтылғаны нақты көрсетілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазуды зерттегендеге Иstemі есімінің курделі графемамен, Истенмән болып жазылғаны анықталды. Бұл есіммен қоса Боджман қағаннның ұлдарының есімдері де жазылғаны мәлім болып отыр. Бұл есімдер қытай жазбаларындағы есімдермен және шежірелік деректермен салыстырылып зерттелді. Бұрынғы зерттеушілер көктүрік жазбаларындағы бұл мәліметтерді толық оқи алмаған. Соның нәтижесінде қытай жазбаларында жазылған «Боджман қағаннан кейін оның үлкен ұлы Исиғи Коло қаған болды» деген мәліметке күдік туды. Жазуши-зерттеуші Қ. Салғараұлы осындағы қате деректерге сүйеніп: «Боджман қағаннның үлкен ұлы өмірде болмаған, оның Исиғи атты есімі Иstemі атауын білдіреді, сондықтан Иstemі-Истенмән Боджман қағаннан соң бес-алты ай қаған болып, қайтыс болып кеткен» деген болжам ұсынады. Сөйтіп Қ. Салғараұлы екі тарихи деректі: 1) Боджман қағаннан кейін оның үлкен ұлы Исиғи Коло қаған болды; 2) Истенмән жабғу болып, 576 жылы қайтыс болды; деген деректі жоққа шығарған. Бұл жұмыста халықтық шежіре мен көктүрік және қытай жазба деректері салыстырыла отырып, Исиғи Колоның өмірде болғаны және оның Боджман қағаннан кейін қаған болғаны дәлелденеді. Бұларға қосымша Боджман қағаннның Алпамыс батырдың прототипі екені және Иstemі-Истенмәннің де ерте заманда жырдың кейіпкері болғаны, оның «Манас» жырында Семетей атымен сақталып қалғаны туралы дәлелдер келтіріледі. Күлтегін ескерткішінде Көктүрік қағанатын құрған кісілерден тек Боджман қаған мен Истенмән жабғының аттарығана жазылмаған. Истенмән жабғымен бірге курделі графема арқылы Боджман қағаннан кейін қаған болған ұлдары Қозұққұл, Мәуқұн, Тонқ бег қағандардың және Арслан бег йұғұрұчтың есімдері де жазылған. Мақалада бұлармен бірге жазба деректердегі Боджман қаған ұлдарының есімдерінің қазақ ұлтының шежірелік деректеріндегі Божбан атандың ұлдарының есімдерімен сәйкес келетіні тілдік дәлелдер арқылы дәйектеледі.

Кілт сөздер: Джабғу, Семетей Түрік қағанаты, күл жазуы, курделі графема.

Abstract

Bumin-Bodzhman who established “the Kokturk” Khanate and his brother Istem’s names were written in Kultegin’s manuscript. So these names were also maintained in the Chinese manuscript and there is much information about their generations who ruled the

* Филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкери, Түркістан-Қазақстан/ Candidate of philological sciences International Hoja Ahmad Yasawi University, senior research fellow, Research Institute of turcology, Turkistan-Kazakhstan. bekor53@mail.ru

country. In this document, it was definitely shown the fact that Istemiwas named as Sidianmi. During the investigation on Kultegin's manuscript, it was determined that Istem'i's name was written as Istenman with a compound grapheme. Bodzhman Khagan's sons names were mentioned in this document. These names have been investigated in close connection with the names and historical facts in the Chinese manuscripts. The researchers in the old times were not able to read this information totally. As a result, we suspeced the information" Isigi Kolo, Bodzhman khagan's elder son, was the head of the Khanate him" that was written in the Chinese manuscripts. Due to these mistakes, writer-researcher K.Salgaraulu stated: "Bodzhman khagan didn't have his elder son, his name Isigi means Istem'i, so, after Bodzhman khagan, Istem-i-Istenman ruled the country for 5-6 months and died". So K.Salgaraulu rejects two historical facts: 1) After Bodzhman khagan, his elder son Isigi Kolo was the head of the khanate; Istenman was zhabgu till his death in 576. In this work, on the comparison of the national history, Kokturk and the Chinese manuscripts, we attempt to prove the existence of Isigi Kolo and his ruling the country after Bodzhman khagan. Moreover, we have proved the facts that Bodzhman Khagan was the prototype of Alpamis hero and Istem-i-Istenman was the character of one dastan in the old time and his name was kept as Semetei in the "Manas" dastan. In Kultegin's manuscript the names of Bodzhman khagan and Istenman were not mentioned among the people who had headed the Khanate. Bodzhman khagan's sons' names like Kozakkul, Maukun, Tonk Bek, who run the country, were written with compound graphemes. We have proved the fact that there is a great coincidence between the names of Bodzhman khagan's sons and the names of "Bozhan" Ata's sons in the historical documents of the Kazakh nation.

Key words: Djabhu, Semetej Turkic khaganate, Runic, Sophisticated grapheme.

Түркі халықтарының тұп-тегі ежелгі түркілік хұн, сақ тайпаларынан бастау алатынына айғақ болатын археологиялық, дәстүр-салттық, антропологиялық және басқа да салалар бойынша деректемелік заттық-рухани мәдениет сәйкестіктері жетіп артылады. Бірақ осыларға негіз болатын бірегей дәлел – сол тайпалардың қалдырыған жазба ескерткіштерінің түркі тілінде, әсіресе, көне түркілік төл әліпбійнде жазылуы болып табылады. Осы түрғыдан алғанда тәменде ұсынылып отырған жазба деректер Түркі қағанатын құрушы тайпалардың тікелей қазақ халқына тән екендігін дәлелдейді.

Түркі қағанатын құрушы тайпалардың тұп-тегі құнқтар (хұн – күн) еkenі қытай жазбаларында көрсетілгені аян. Түркілер өз жазбаларында қытайды **табғач** деп атайды. Бұл табғачтар қытайдың алтын-күміс, жібектеріне алданған, арбалған құнқ-түркілер екендігі көп дәлелді қажет етпейді. Бір ғана дәлел: табғач сөзі түркілік *тапуғқач//тапуғқыч* (қызметші, сыйынуышы (өз елін сатушы қашқын, сатқын мағынасында) сөздерінен пайда болғанын келтірсек те жеткілікті болып саналады. Тап сөзі көне түркілік *қызмет ет, сыйын мағынасындағы сөз*. Түркілер өз қағынан жеріп, қытайларға арбалып, оларға қызмет қылғандарды жек көріп солай атаған. Олар алғашында түркі тілінде сөйлеп, кейін біртіндеп құрттай құжынаған қытайдың тұқымына сіңісп кеткен. Осы тәсілмен қытайлар құнқ мәдениетін өзіне сіңіріп, жоқтан бар болған деп тұжырымдауға болады. Түркілер қытайдың белгілі-бір ұлттық немесе мемлекеттік атауын келтірмейді. Себебі бұрын оларда ондай бір белгі, нышан болмаған. Қытайлар өздерін **хань** дейді. Арабтар **син (шин)**, еуропалықтар осы арабшаның өзгерісімен **чайн(а)** деп атайды. Бұлардың бәрі де түркілік құнқ (қанқ)//санқ (сыйнқ// чыйнқ) – күн атауының сәйкес түрлері. Бұлар, Оғыз қағанның үлкен ұлы Күннен тараған ұрпақтар, б.д. 10000-6000 жылдардан бері күннің қыыр шығысын жайлап, мекен еткен түркілік тайпалар.

Қытайдың жеке ұлт болуы және оның жоғары дамыған мемлекет құруы ежелгі түркі тілдес құнқ тайпаларының арқасында жүзеге асқанын олардың өздері де мойындаиды. Олардың негізгі физиономиялық бет-бейнесі, қысық көзділік солтустіктің қарлы өлкесінде ғұмыр кешкен халықтарға тән белгі. Бұл – жыл бойы айнала ақ қар болғандықтан, күн сәулесі шағылысып, көзді көп ашуды қажет етпейтіндіктен болатын табиғи физиологиялық құбылыс. Солтустік халықтарының табиғат әсерінен көбею қабілеті төмендейді. Сондықтан да олар үйлеріне қонған шет жерлік халық өкілдерінен тұқым алып қалу үшін олардың қойындарына әйелдерін немесе қыздарын салатын болған.

Ал түркі халықтарының өмір сүретін мекені табиғи дамуға, күш-куатының толысып, нығаюына толық мүмкіндік беретін қоңыржай далалық өлке еді. Бұндай кең өлкеде өмір-тіршілігіне көп күш жұмсауды қажет етпейтін мал шаруашылығы өте қолайлышты екені дау тудырмайды. Олар Нұқ (алайни с-салам) пайғамбар заманынан бері ұлан-ғайыр өлкеде емін-еркін тіршілік кешіп келе жатқан, отырықшылықты да, көшпелілікті де қатар ұстаған, мәдениеті дамыған, шумер иероглифінен бастау алып, көне түркі күл (руна) әліппіне дейін даму жолынан өткен жазуы бар өркениетті ел болды. Қытайдың бабалары түркілерге құл болып қызмет жасады. Олардан көп тәлім алды, олармен тұқым алмасып тегін асылданырды. Ұлттық тегін нығайтып, сөздеріне сай иероглифті жазуды қабылдап, барлық өздеріне қажетті мәліметтерді түркілерден алып, жазып отыруды үйренді. Сол әдет әлі күнге жалғасып келеді. Сөйтіп олар қазіргі деңгейге көтерілді.

Ұлы Көктүрік қағанатын құрушы тайпалардың ішінде қыпшақтың да үлесі бар деген пайымды тудыруға Мойын Шине Ус жазба ескерткішіндегі өшкен әріптегі қыбчақ деп қате болжаммен оқу себеп болған еді. Ол сөздің құнчақ болып оқылуы тиістігі (Бекжан: 2011, 13) жөнінде біз өз пікірімізді білдірген болатынбыз. Егер ол сөз қыбчақ болып жазылған болса, тек бір ғана жерде жазылып қалмайды, тағы да көптеген тұстарда жазылатыны сөзсіз. Бұл тұрғыда құнчақ елесімінің (этноним) көне түркі жазба ескерткіштерінің тағы да басқа жерінде жазылғаны белгілі болып отыр. Қыпшақ тайпасы Көктүрік қағанатын құрушылардың бірі болды деген ой жазушы-зерттеуші Қ.Салғараұлына (Салғараұлы: 2002, 199-201) Түркі қағанатының тарихын зерттеуге үлкен тұртқи болды десек қателеспейміз. Бұл еңбектер қыпшақ тайпасының Көктүрік қағанатын құруга қатысқанын дәлелдей алмаса да, қағанат тарихын зерттеуге қомақты үлес болып қосылғанын атап өтуіміз қажет.

Қ.Салғараұлының көктүріктер тарихына қатысты деректерді Қытай жазба ескерткіштерінен алып, өзінше жүйелеп, кітап етіп бастыруы, сөйтіп онымен қазақ зерттеушілерінің еркін танысуына жағдай жасауы үлкен құрметке лайық жұмыс деуге болады. Оның бұл деректерін Бумын-Боджман қағанның ата-тектерінің кім болғаны туралы еңбегімізде (Бекжан: 2010, 74-80) пайдаланған едік. Ол жолы тек Бумын-Боджман қаған туралы пікіріне зер салсақ, қазіргі жұмысымызда **Істемі жабғы** туралы пайымына тоқталып, көтерген мәселелері жайында тұжырым жасауды мақсат еттік. Ол мәселелердің бірі, әрі негізгісі **Істемі** есімінің дұрыс айтылуы және жазылуы тұрғысында болады. Қ.Салғараұлы өз еңбектерінде (Салғараұлы: 2008, 217-218) «Істемі есімі әртүрлі атальп жүр, соны бір ізге түсірейік, оның есімі Истімі, көне түркі жазба ескерткіштерінде солай жазылған, ол Батыс Түрік қағанаты құрамындағы он оқтың бірі, қазіргі қазақ тайпасы Ыстыға қатысты» деген пікір айтады. Сондай-ақ есімнің соңғы **мі** буыны үйсіннің **құн-ми** лауазымындағы **ми** бөлігімен сәйкес, ол қазақтың **би** сөзімен де түбірлес деген пікірін де білдірген. Оның Көктүрік қағанатын қыпшаққа қатыстыру ниетінің барлығына дәлел ретінде мына пікірін толық келтірейік: «Осы ретте қашан Түрік қағанаты құлаганша Истімі қағанның ұрпақтарының еншісінде

болған он оқ халқының біреуінің «ысты» аталатыны және оның таңбасының қағанаттың негізін қалаған ежелгі қыпшақ тайпаларының «көсөу» деп аталатын көне таңбасымен бірдей болуы да біраз ойға жетелейді. Тайпа атауының өзінің билеушісінің атымен атала беретіні де түрк халықтарында бар дәстүр». Жазушы-зерттеушінің «қыпшақ тайпасы Түрік қағанатын құруға қатысты» деген пікірі жоғарыда айтылғандай құнчак сөзінің қыпшақ болып жансақ оқылуынан туындаған. Сондай-ақ Бумын-Боджман қағанға қатысты еңбегімізде (Бекжан: 2011, 13) айтылғандай Истемі Боджман қағанның інісі болғандықтан, оның ысты мен қыпшақ тайпаларына қатысы жоқ.

Қ.Салғараұлының Түркі қағанаты туралы Қытай деректерінен алған мәліметтері өзге зерттеушілерге аз септігін тигізіп жатқан жоқ. Оның еңбектері Н.Л.Бичуриппенің және басқа да деректанушылардың еңбектеріне қосымша дереккөз ретінде пайдаланылып отыр. Қ.Салғараұлы өз еңбегінде (Салғараұлы: 2002, 199-201) Истемінің атының дұрыс жазылмай жүргені және оның қаған болғандығы немесе болмағандығы жайындағы үлкен мәселелерді шешуді өзі де мақсат еткен және ол туралы «Жаңа Таң кітабында» («Синтантшу»): «... үлкені – Тумын Или қаған (Ел қаганы), кішісі – Шідиәнми («Сідими» деп те атайды») (Салғараұлы: 2008, 201) деген дерек келтіреді. Бұл есім Н.Я.Бичурин еңбегінде (Бичурин: 1998, 294-299) екі жерде кездеседі. Онда «Жаңа Таң кітабындағыдай» кімнің баласы, кімнің інісі екені айтылмайды, тек Батыс Түркі қағанатында болған екі ханның бабасы ретінде түсіндіріледі. Біріншісінде: «Хэлү Шидяньми – ханның бесінші үрпағы еді» десе, екіншісінде: «Ашина Мише де Шидяньми – ханның бесінші үрпағы, ол мұрагерлік жолмен келе жатқан Мохәду Шеху болды» дейді. Мохәду – баһадүр, шеху – жабғу дегенді білдіреді. Бұл мұрагерлік жол Истеміден басталғаны аян және тек Истемі үрпақтары ғана мұрагер болады дегенді білдіреді. Ал Истемі-Шідиәнмиді хан деу кейінгі кездегі Батыс Түркі қағанатының жеке ел болған кездері жабғуды хан деп айтудаң қалыптасқан деп ойлаймыз.


Қ.Салғараұлы бір пікірінде: «Көне түркі жазбасында Истем сөзінде дауысты жазылмайды. Олай болса ол Истемі болып айтылуы керек қой» дейді. Бұл пікірінде ол өзінің көне түркі күл (руна) жазуының заңдылығын білмей пікір айтып отырғанын сезбейді. Оның пікірінше оқысақ, онда есімді Истемі деп те оқуға болады. Көне түркі күл жазуының заңдылығы бойынша Т әрпінен кейін Е әрпін де қойып оқуға болады. Бұл жерде бұрынғы зерттеушілер түркі тіліндегі есімдердің айтылуына зер салып, соған сәйкес келетін дыбысты қоюға тырысқан деп ойлауға болады. Қазақ тілінде Естемес деген ат болды, В.В.Радлов (Радлов: 1892; 1995, 18) Истемі деп оқығанда осыны ескерген болуы керек. Қ.Салғараұлының келтірген Шідиәнми есіміндегі Н дыбысы бізге ой салды. Осыдан соң Құлтегін жазуында қалай жазылған екен деген сұрауға жауап іздел зерттеген кезде үлкен жаңалыққа тап болдық. Бумын-Боджман қаған есімін қарастырғанда Истемі атауында ондай шешілмеген мәселе бар деген ой болмады. Ал Шідиәнмидегі Н нені білдіреді деп зерттеген кезде атаудың күрделі графема бойынша жазылғаны мәлім болды. Бұрынғы Ңұғұр ІС²Т²еМІ болып оқылған есімнің алдындағы еЧҮМ аПАМ болып оқылған таңбалар да күрделі графема бойынша жазылған екен. Күрделі графеманы шешіп, бөліп оқығанда еЧҮМ еР² аЛП аПАМ болып оқылатыны анықталды. Ары қарай IC²T²eMI сөзіндегі T² таңбасы әрі K¹ болып оқылатындағы T² таңбасының алдындағы C² таңбалары жоғарғы жолдағы ЕҰҰГНі T²ІЗЛ²іГіГ сөзіндегі З таңбасына жалғасқан. Сонда бұлар ҚОЗҰҚҚҰЛ және ICiZ (асыл) болып оқылуға лайықталғаны аңғарылады. T² таңбасының устінен Ң Е, Ң² Н², Ә ДЖ³, Ә Б¹, Ұ F, Ұ Y, Ң K¹, Ң O, Ң L, Ң H¹, Ң Y, Ұ K⁴Y, Ұ R¹, Ұ C¹, Ң L¹, Ә B², Ә Г, Ә Й¹, Ұ Y, Ә Ч дыбыстарының таңбалары біріктіріліп жазылғаны анықталды. Жуан Б¹, С¹ таңбалары устінгі жолдағы TІЗЛіГіГ (тізелісін) сөзінің алдынғы Г дыбысына

жалғастырыла оқылуға сәйкес біріктірілген. ICTeMI сөзінің соңындағы I болып оқылған таңба жуан T⁴ таңбасы екені мәлім болды. Таңбаның үстіне әрі B², әрі НҚ болып оқылатын таңба салынған, ол жоғарыдағы Г таңбасына және оң жағындағы Р¹ таңбасына жалғастырылған. Бұл да күрделі графема, олар мынадай жай таңбаларға бөлінеді: ↑T⁴O, ~~↑НҚ~~, ~~↑B²~~, ~~↑Г~~, ~~↑T²~~, ~~↑Р²~~, ~~↑Л²~~, ~~↑Р²~~.

Жазудың бұрынғы оқылымы:
:ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар:

Транскрипциясы: K²IC²I ОҒЛЫНТА YZE еЧҮМ аПАМ Б¹УМЫН¹ К¹aFaH¹ IC²T²eMI K¹aFaH¹ ОЛ¹уР¹МЫШ

Сөйлемнің соңындағы бұрын ОЛ¹уР¹МЫШ болып оқылған сөзде жалаң Р дыбысы емес РТ бірігіндегі дыбыстар таңбасы жазылғаны белгілі болды. Жазудың жаңадан оқылған күрделі графемалы және жай таңбалы түпнұсқасын, транскрипциясын келтірейік:


КГТ: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар:
ЖТТ: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар:
:ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар: ұғынғылар:

Транскрипциясы: K²IC²I ОҒЛЫНТА YZE еЧҮМ еР² аЛШ аПАМ Б¹ОДЖ⁴Ман¹ К¹aFaH¹ IC²iЗ IC²T²ЕН²МЭН² ДЖ³АБ²F²У К¹ОЗҮК¹К¹ҰЛ¹ К¹АФАН¹ МӘҮК⁴ҮН К¹АФАН¹ АР¹С¹Л¹АН¹ Б²ЕГ Й¹ҮҒҮР¹ҮЧ Т⁴ОНҚ Б²ЕГ К¹aFaH¹ Т²еГ еР² Б²еГЛ²еР² ОЛ¹уР¹МЫШ

Аудармасы: Адам баласының үстінде ер, алып бабам Боджман қаған, асыл Истенмән джабғу, Қозұққұл қаған, Мәукүн қаған, Арыслан бег йұғұруш, Тонқ бег қаған текtes ер бектер отырған.

Жаңа окута сәйкес Истемі есімі **Истенмән** болып оқылды. Бұның қазақша Истен болып оқылуына қытайшадағы Шідиән// Сідиән түріндегі жазбаның әсері тиіді. Сондай-ақ T² таңбасы төбесіне көлденең жазылған Н² таңбасына тіреле жазылған. Сондықтан таңбалар Истемі болмай, ICTeH болып оқылуға тиістілікті білдіреді. Ал одан кейінгі МәН² сөзіндегі М да жоғарыдағы Н² таңбасына тіреле жазылған, соган сәйкес таңбалар мән болып оқылады. Истен сөзі Солтүстік Кавказдан табылған көне түркі жазба ескерткіштерінде жазылған, оның мағынасын С.Я.Байчоров (Байчоров: 1989, 79, 81, 86) тәнір, құдай деп түсіндіреді. Біздіңше бұл сөз **Үст Тен**(// тән) деген екі сөзден құралған. Үст жоғары, жоғарғы деген мәнді білдірсе, Тән Тәнірі< Тәнк+кір сөзімен түбірлес сөз. Ол сондай-ақ аспан, көк мағынасын да білдіреді. **Ман**// мән (<манқ) сәйкес сөздері адам, кісі мағыналарында да қолданылған. Ондай жағдайда Истенмән есімі **Тәнірі** ұлы немесе **Көктің** ұлы мағынасын білдіреді. Бұл есім Қоңырат тайпасының бір бұтағы Көктің ұлы тайпасымен сәйкеседі. Қытай патшалары да құнқ (хұн) текtes тайпалардан қойылып отырған. Сондықтан да олар патшаларын үнемі Тәнірі ұлы деп атаған. Истенмәннің ағасы Боджман есімі де осы мағынаны білдіреді. **Бодж**// боч// бок [(орысша - бок, бек)] сәйкес сөздері **бонқ**// **банқ** сәйкес сөздерінен қысқарған. Бұл да **Тәнірі** ұлы немесе **Көктің** ұлы мағыналарын білдіре қолданылған. Тіліміздегі **Аспан**

сөзі *Устен*// *Истен* сөзімен сәйкеседі. Ас сөзі *Уст*// *Аст* сәйкес сөздерінен қысқарған, ал *пан* жоғарыда келтірген *банқ* сөзінің *панқ* түріндегі сәйкес нұсқасы. *Пан/ бан* нұсқаларының *Тәңірі*, *Көк* мағынасы да бар. Сондықтан *Аспан* сөзі *Жоғарғы Тәңірі* мәнін де білдірген. Сонда ұлтқы жабғу Тобун ұлдарының есімдерін мағыналарын сәйкестіре және үйқастыра қойғаны мәлім болады. Айта кетерлік бір жайт, осы есімді Л.Н.Гумилев те (Гумилев: 1993, 464), (Гумилев: 2004, 65-67) өз еңбегінде *Истэн* деген сөзді келтіріп, оның мағынасы угордың «дух, предок» (әруақ, ата-баба) сөздерінің мәнін білдіреді дейді, одан ары *Истеммән* мен оның қарамағындағы тайпалар угор текті халық өкілі деп те болжаған екен. Біз бұл пікірді өзіміздің болжамымыздан кейін ұшырастырыдық.

Истеммәнге қатысты негізгі мәселелердің бірі «ол қаған болды ма, жоқ болмаса жабғы болып қалды ма» деген сұрақ болып табылады. Қ.Салғараұлы «Жыу кітабында» «Тұмын қайтыс болған соң орнына баласы Қыло таққа отырды, ол Қыло «Исики қаған» деп аталды» деген дерек жазылған дейді. Бұл қытай хатшыларының Білге қағанды Қапаған қағанның баласы деп қателескендей болған тағы бір қате, өйткені «Сүй кітабында»: «Тұмыннан кейін інісі И қаған таққа отырды. Ұзамай ол да аурудан қапитыс болды» деген деректі дәлел ретінде ұсынады. Шындығында қателескен «Жыу кітабы» емес, сол «Сүй кітабы». Себебі онда інісі деген қатемен қоса Исиги// Исики деген есімді де И деп қате жазған. Ал И иероглифі мен Исиги иероглифтерінің қандай сәйкес болмайтынын Қ.Салғараұлы бізден гөрі жақсы білуге тиіс. Бірақ оның бұған көңіл көңіл аударғысы келмеген, яғни, өз ойының жетегінде кеткен.

Қ.Салғараұлы Истеммәннің қаған болғандығына Құлтегін жазбасындағы «Бұмын қаған Истемі қаған олурмыш» деген сөздерді дәлелдердің негізгілерінің бірі ретінде ұсынады. Ескерткіште інісі болғандықтан Боджман қағаннан кейін Истеммән жазылған. Бірақ зерттеушілер күрделі графеманы аңғармаған, содан Истемі болып оқылыш кеткен. Күрделі графеманың ішінде *ДЖ³*, *Б¹*, *ҰҰ* таңбалары да оқылатында болып жазылған. Сондықтан Истеммән сөзінен кейін *жабғу* деп оқуға болады. Қ.Салғараұлы Н.Я.Бичуриппен 1950 жылы шыққан кітабына сілтеме жасап, «Бұмын қаған өлгеннен соң інісі Ай – хан таққа отырды» деген деректі (Салғараұлы: 2008, 212) келтіреді. Бірақ Н.Я.Бичуриппен Алматыдан 1998 жылы шыққан кітабында (Бичурип: 1998, 232) Тұмынның баласы Коло таққа отырды деп жазылған және бұл кітап 1851 жылы шыққан (Санкт-Петербург) кітаптан алынғанын білдіріп, кітаптың суреті берілген.

Н.Я.Бичурип Исиги Коло қайтыс болған соң, оның баласы Шетуді отырғызбай, інісі Муюй хан Кигиньді таққа отырғызды (Бичурип: 1998, 232), ол сондай-ақ Яньду деп те аталды дейді. Л.Н.Гумилев Яньду сөзінің мағынасын «Женімпаз» деп түсіндіреді. Сонымен бірге ол Муюй дұрыс оқылмаған, дұрысы Мугань дейді және Ниету атын да Шету деп береді. Сейтіп Қ.Салғараұлы Исиги Коло деген кісіні тарихтан сзызып тастайды. Ол кей еңбектерде қате жазылыш кеткен Боджман қағанның інісі Истеммән, ал тарихшылар айтып жүрген, Батыс Түрік қағанатында 576 жылға шейін жабғу болған Истеммән емес, әрі қаған, әрі жабғу болған Мугән деген қорытынды жасайды. Ол Мугән қаған болғанға дейін қытай жазбаларында «Сыдоу», «Сыжин» аталған дейді. Осы ат парсылық деректердегі Сизибулға ұқсайды, соған қарағанда тарихшылардың Дизабул, Сизабул, Силзабул атап жүрген кісісі Мугән қаған болуы мүмкін. Олардың қайтыс болған жылдары да 572 жыл деп түсіндіреді.

Шындығында Қ.Салғараұлы қате тұжырым жасаған. Ол есімдерді дұрыс атауға мән беретін қытайлықтарда Дизабулға сәйкес келетін атау жоқ (Салғараұлы: 2008, 216) деп кесіп айтады. Ал Л.Н.Гумилев қытайша Истеммәннің Шисин було – кәхань (Гумилев: 1993, 464) деген есімін келтіреді. Бұл ат Дизабул, Силзабул аттарына

ұқсамайды деп кім айта алады. Сондай-ақ ол Істенмәннің арабша Синджибу, парсыша Хакан – и – Чин деп, ал Сильзивул// Дизавул, Стемби каган деп гректер айтқан деген пікірді де қалдырган. Бұл есімдердегі *було*, *вул*// бул сөздері *мән*// бән түбірлерінің сәйкес нұсқалары. Бұл сөз қазақ тіліндегі *құл* сөзімен де сәйкеседі. Қазақта «құдайдың құлымызы» деген тіркес жиі айтылады. Бұл сонау құнқ-туркі заманынан бері айтылып келе жатқан сөз тіркесі екеніне жоғарыда келтірген «көктің ұлы» тіркесі дәлел бола алады. Яғни, Істенмән// Істенбұл// Істенқұл деп қатар айтылу көктүріктердің де салт-дәстүрінде тұрақты қолданылғаны дау тудырмайды. Ал есімнің алдыңғы *диз*// *сиз*/син буындары Істен сөзінің қысқарған түрі екені де түсінікті болады. Бұларға қоса араб тіліндегі Синджибу түркіше Істен джабғу тіркесінен қысқарта айтуынан тұганы да өзінен-өзі байқалып тұр.

Сонымен Қ.Салғараұлының «Істенмән қаған болды, ол 576 жылға шейін өмір сурген жоқ, Боджман қағанның артынша бес-алты айдан соң қайтыс болды» деген даулы пікірі жоққа шықты. Ол батыс елдері деректерін терең зерттемей, шала қорытынды жасаған. Сондай-ақ алғашқы зерттеушілер асығыс, үстірт зерттеп, сол алған нәтижесімен қанағаттаныш кеткен көне түркі жазба ескерткіштері бұлтартпас дерек деп тұжырым жасағаны да жете зерделемеу болып саналады. Бұл жерде ол жалпы Түрік қағаны емес, тек Батыс Түрік қағаны болды деп өз пікіріне қарсы шығып отыр. Шындығында Істенмән жабғу қайтыс болған 576 жылға дейін Түрік қағанаты екіге бөлінген жоқ. Екіге бөліну Иисиги Колоның ұлы Шету-Шаболионың Мугән қағанның ұлы Даюбян-Төременнің таққа отыруына қарсы шығып, Янлодан тақты алғанынан басталады.

Күлтегін жазбасында Істенмән жабғу деп жазылса, онда одан кейін жазылған қаған сөзі кімге арналған деген сұрау туатыны белгілі. Жоғарыда келтірген күрделі графемада Боджман қағанының ұш ұлының аты және қаған деген сөз оқылатындағы болып жазылған. Олар кімдер, Қонырат тайпасындағы Божбан-Алпамыстың ұрпақтары шежіреде қалай аталады, енді соған көшейік. Бұрынғы Боджман қаған есімінің оқылуына байланысты еңбегімізде (Бекжан: 2011, 10) Божбаның **Қожағұл, Жәүкім, Итемген, Құлым, Ұржық, Жұмық, Бекарыстан, Токпак** атты ұлдары болғанын келтірген болатынбыз. Шежіреде негізінен ұлken ұл әрқашан бірінші айтылады, яғни, әрбір алдыңғы ұл кейінгі ұлдан ұлken болады. Олай болса, Божбаның ұлken ұлы Қожақұл (Қожағұл) екені белгілі. Қожа қауымдық есімі көне түріктер заманында болмағаны аян. Ондай жағдайда Қожа сөзі басқа түркілік сөзден өзгергені өзінен-өзі түсінікті. Бұл есім Қытай жазбаларындағы Иисиги Колоға сәйкес келеді. Коло – құл, Иисиги түркіше **Қозұқ** есіміне сәйкес нұсқа болып есептеледі. Біз жалпы Қытай аты аталған кезде, ойымызға қазіргі қытайша шүлдірлеген халық көз алдымызға келеді. Көне замандағы Қытай елі де осылай болған деп шын байыбына бармай тұспалдай саламыз. Ақиқатында қалай болған, М.Қашқари (Қашқари: 1993, 10-11, 22) бабамыз Шын (Қытай), Машын (Тауғаш) елдерін түркі тілдес елдерге жатқызған болатын. Олай болса, Қытай жазбаларын жазған хатшыларды түркілер деп қабылдауымызға тольық болады. Өйткені Таң дәүіріндегі жазбалар VIII ғасырда жазылды, дәуір неғұрлым терендеген сайын түркілік белгі қоюлана түсsetіні мәлім. Осы тұрғыдан алғанда Иисиги сөзі түркілік **Қоз** (Шок) сөзіне сәйкес алынғаны күмән тудырмайды. Яғни, Иисиги сөзі – түркілік **Ысық** (ызық// қызы+ық) сөзінің қытайша дыбысталумен өзгерген түрі. Жоғарыдағы есім жазылған күрделі графемадағы таңбалар арқылы қаған, құл сөздерін оқуға болады. Сонда Боджман қағанының орнына таққа отырган ұлken ұлының аты **Қозұқ құл** есімі шығады. Міне, қытайлар осы есімді Иисиги Коло нұсқасына өзгертіп, өз иероглифтерімен таңбалаган.

Жоғарыда айтылып өткендей Исиғи Коло – Қожақұл[<] Қозұқ құл бабамыз экесі Боджман қағаннан соң бес-алты айдан кейін қайтыс болған. Қытай жазбасында ауырып елді деген дерек айтылады. Л.Н.Гумилев (Гумилев: 2004, 28) Исиғи Қолоның түсініксіз жағдайда қайтыс болғанын айтады. Қозұқ құл қағаннан соң оның інісі Мугән таққа отырады. Исиғи Колодан ғері Мугән есімі көп өзгеріске түспеген деуге болады. Себебі ол күрделі графемада МӘҮКҮН ҚАҒАН болып оқылды. Шежіреде бұл Божбаның Қожағұлдан кейінгі Жәуқұм бабамыз. Жәуқім мен Мәукіннің ұқсастығы айтылуынан-ақ үйқасып бірден білінеді. Ол Мәукін қаған болып айтыла келе Мәукің қаған атына өзгерген. Одан ары соңғы Нұ дыбысы Й дыбысына өзгеретіні қазақ тілінің заңдылығынан белгілі. Жоғарыда айтылған Н.Я.Бичуриппің келтірген Муюй хан Кигинъ есіміндегі соңғы ЮЙ дыбыстары осы Мәукій өзгерісінің әсерін сездіреді. Ал Кигинъ сөзі ғалымдар топшылагандай есім емес, қаған сөзінің жіңішке түрі екені сезсіз. Бұл өзгерістен ары қарай Мәукің[>] Мәукій есімі метатезалық құбылысқа сай соңғы Й мен алдыңға М дыбыстары орын ауыстырып, ЙӘҮКІМ атауы шығады. Оның Жәуқім болып өзгеретіні айқын. Ол кісі туралы Н.Я.Бичурин былай сипаттама береді: «Он имел необыкновенный вид: лицо его было около фута длиною, и притом чрезвычайно красное; глаза как стеклянные. Он был тверд, жесток, храбр и много ума имел; // занимался более воиною» (Бичурин: 1998, 232). Ол Корей шығанағынан Батыс теңізіне (Каспий), Құм даласынан (Гоби болуы керек) Солтүстік теңізіне дейінгі аралықты өзіне бағындырыды, сөйтіп Түркі қағанатын Орталық мемлекетке (Қытай) тендерстірді деген бағаға ие болады. Қытай деректерінде: «Мәукін-Жәуқім қаған 572 жылы қайтыс болды, орнына баласы Далобян-Төременді (грекше Турум) қоймай, інісі Тобоны таққа мұрагер етіп қалдырыды» (Бичурин: 1998, 237) деп айтылады. Тобо қағанды Л.Н.Гумилев (Гумилев: 1993 494) түркіше ТАБАҚ деп транскрипциялайды. Оның себебі Тобо қаған будда дінін қабылдап, соның діни рәсімі бойынша табақ ұстап жүруіне қатысты аталған дейді. Божбан шежіресінде бұл кіші ұл Тоқпақ аталады. Бұл кісі ең кенже ұл болды ма, жоқ болмаса Мәукін қағаннан кейінгі ұрпақ па, бізге оны тап басып айту қын. Өйткені шежіреде ол өзгеріп кетуі бек мүмкін.

Бұрынғы зерттеушілер Иstemі деп оқыған есімнің соңындағы I таңбасы төменгі және сол жақтағы сыйықтары өшкен жуан, еріндік T⁴ таңбасын бейнелей жазылған деп санаймыз. Одан ары осы таңбаның үстіне әрі жіңішке B², әрі НҚ бірігінкі дыбыстар таңбасын күрделі графема ретінде сыйған, оны үстіңгі жолдағы Г таңбасына қосқан. Сөйтіп бұл таңбалар T⁴ОНҚ B²еГ болып оқылады. Бұдан кейінгі Қаған сөзі осы кісінің есіміне жалғануға лайықтала бөлек жазылғаны көрініп тұр. Жиі қолданыла келе бұл есім Тонқ бег[>] Тоңқ[>] бағ[>] Тоқпақ тәрізді өзгерістерге түсken. Бұны түркі-соғды жазуы арқылы оқыған зерттеушілер *Taspar* деп жаңылыс оқыған сияқты. Тонқ бег қаған – табғаш-қытай жансыздарының алдауына арбалған қаған. Қытай патшалары оған есепсіз тартулар беріп, құда болуға үгіттеп баққан. Осыған мастанып Тонқ бег қаған былай деген: «Тек онтүстіктегі екі сәбиді (Қытайдың Солтүстік Чжоу мен Солтүстік Ци хандықтары) уыста ұстасақ болғаны, кедейшіліктен қорықпауға болады» (Бичурин: 1998, 237).

Тонқ бег қаған 581 жылы қайтыс болады. Қайтыс боларында ол Мәукін (Жәуқім) қағанның таққа баласын отырғызбай, өзін, яғни, інісі Тонқ бегті, мұрагер деп ұсынғанын еске алып, баласы Янлоға: «Мугән қаған ағам тақты баласына бермей, маған беріп еді, енді сен де немере ағаң Дағобян-Төременге тақты ұсынуың керек» деген. Кеңесші үзірлер Төременді таққа отырғызуға макұл болған кезде, оған қарсыластары Төременнің шешесінің төменгі дәрежедегі тұқымнан екенін ескертіп, оны тақтан аластайды. Бұндай қарсылықтың бастаушысы Қозұқ құл қағанның ұлкен ұлы Шету еді. Таққа Төремен ие болса, өзінің ешқашан таққа жуи алмайтынын түсініп,

осындай құлықты ойлап тапқан болатын. Тонқ бег қағанның уәзір-кеңесшілері амалсыздан таққа Тонқ бег қағанның баласы Йанлоны отырғызады. Л.Н.Гумилев Йанлоның тағы бір аты **Амрақ** еді дейді (Гумилев: 2004, 66). Бұл Амрақ сөзін **Йұмрук// Джұмрук** сөздерімен сәйкестендіруге болады. Жұмрук сөзінен Божбанның **Жұмүқ** атасының есімі шығады. Бұндай жағдайда Жұмық Божбанның тікелей ұлы емес, немересі екені анықталады.

Тонқ бег қағанның уақытында келген Византия елшілерінің жазбасында (Гумилев: 2004, 67) елдің басшысы **Арсиланың** мекені жайында сөз қалдырған. Л.Н.Гумилев Арсила-Арыслан Тобо ханың негізгі аты деп санаған. Бұған қарағанда елшілерді қарсы алғып, келіссөз жүргізуге Тонқ бег қағанның ағасы **Арыслан бег йұғұруш** бекітілгені аңғарылады. Арыслан бег Божбан шежіресінде Тоқпақтың алдында **Бекарыстан** болып аталады. Қытай жазбаларында Арыслан бегтің аты аталмаған. Соған қарағанда ол Тонқ бегтің бас уәзірі болып қызмет атқарғаны байқалады. Тонқ сөзі түркі халықтарында ежелгі заманнан бері қолданылып келеді. Бұл есім ең алғаш Афрасиабтың Алып Ер Тоңа (<Тонқ> атты қосымша атында ұшырасады. Бұның мағынасы туралы Қ.Өмірәлиев М.Қашқаридың мынадай пікірін келтіреді: «Тоңа жолбарыс жыныстас хайуан. Ол пілді өлтіреді...» (Өмірәлиев: 2001, 204). Осы тұрғыдан алғанда Bodжман қағаның да ұлдарының аттарын *Tonq beg, Aryslan beg* деп мәғыналық және дыбыстық жағынан ұйқастырып қойғаны айқындалады. М.Қашқар (Қашқар: 1993, 28) Түркі мемлекетіндегі лауазымдық қызметте *йұғұруш* (уәзір) қағаннан бір саты төмен, ал *жабеу* екі саты кейін болатынын анық көрсеткен. Қ.Салғараулы бұл мәліметті белден басып, екі саты төмен тұратын жабғу лауазымын қағаннан кейінгі қызмет деп, осы пайымды күштеп енгізгісі келеді. Жоғарыда келтірген күрделі графемада жуан Р мен С таңбалары және бірінші БeГ сөзінде оқылатын жінішке Б таңбасы осы Арыслан бег есіміне сай жазылғаны ешқандай дау туғызбайды. Сондай-ақ жуан Й мен Ч таңбалары да тек Й!ҰҒҰР!ҰЧ сөзін жазу үшін келтірілгені де күмәнсіз.

Шежіреде *Ұржұқ*, *Жұмүқ* қатар аталағып, Божбаның тікелей ұлдары болып көрсетіледі. Ал жазба деректері мен лингвистикалық, этимологиялық пайымдарды салыстыра зерделесек, *Ұржұқтың* да немере екені анықталады. Қытай жазба деректерінде Исиғи Колоның (Қожакұл) екі ұлы – **Шету** мен **Чулохэу** (Бичурин: 1998, 243) болғаны жазылып қалған. Божбан ата шежіресінде де Кожакұлдың екі баласы – **Шекен** мен **Бүйра** атап есімі айтылады. Шекен атауына тілдік талдау жасасақ, қытай дерегіндегі Шету есімімен сәйкестікті байқар едік. Мысалы, Шекен-Шетудің Янло-Жұмрудан кейін қаған болғаны мәлім. Олай болса, Шекен атауы *Шек+кен* біріккен сөзінен қысқарған деп пайымдауға болады. *Кен* морфемасы қаған//кеген (қан-кен) сәйкесімдерінен қысқарып, *Шек* есімімен кірігіп кеткен. Ал Шек пен Шет есім сөздерінің мағыналары жақын екені белгілі, яғни, бірінің орнына бірі қолданыла беретіні күмәнсіз.

Исиғи Колоның (Қожакұл) үлкен ұлы Шетудің Мәукін қағанның өjet ұлы Төременді қаған қоюға қарсы шыққанының себебі өзінің қаған болудан ысырылатынын ұққандықтан болған. Тонқ бегтің ұлы Йанло-Жұмрудың ынжықтау, сөзін жөндеп сөйлей алмайтын адам болған. Сондықтан да Шету таққа соны қойып, Төременді қудалап, тақтан аластатқан. Содан соң Йанлоны кетіріп, таққа өзі ие болған. Міне, осындай таққа талас, саяси тартыста Шетудің інісі Чулохэу Йанло-Жұмруден бірігіп, одақ күрган. Бұл бірлік шежіредегі *Ұржұқ*, *Жұмүқ* атап бірлігімен сәйкес келеді. Ұржұқтың шежіредегі екінші аты – **Қарашор**. Ауызша айтылғанда негізінен осы Қарашор айтылады да, Ұржұқ жазбаша шежіреде ғана ескеріледі. Қытай дерегіндегі Чулохэу осы Қарашор атауының қытайша иероглифпен берілгендері өзгерісі. Яғни,

Чуло//Чоро мен Хэу//Қара есімдерінің бөліктері сәйкеседі. Ал шежіредегі Қожақұлдың екінші баласы **Бүйра** есімі мен Ұржұқ атауы сәйкес келеді. Үр(ұ)жұқ есімін оң жағынан сол жағына қарай айтса, Құжурұ атауы тудады. Құжур сөзі **Бұжур** сөзімен сәйкеседі. Бұжур(ұ) сөзі Бұйур(ұ)> Бүйра сөздерінен мағыналық түрғыдан да, дыбыстық жағынан да сәйкес келеді. Яғни, Қожур (Құжур) тас (//Қотұр бет), бұжур бет (//бүйра шаш) сөздері фонетикалық және лексикалық түрғыдан сәйкес сөздер болып табылады. Бұл тілдік талдаулар Чулохәу-Қарашор- Ұржұқ-Бүйра есімдері Исиги Коло-Қожақұлдың екінші ұлының әр түрлі өзгерістегі аттары екендігін айқындайды. Бұл пайымның нәтижесі Божбан атанды ұлдары сегіз емес, алтау, олар: Қожақұл, Жәукім, Итемген, Құлым, Бекарыстан, Тоқпақ деген тұжырымды негіздейді. Итемген, Құлым қытай жазба деректерінде кездеспейді. Өйткені онда тек жоғарғы лауазымдағы аталарға жазылып қалғаны көміл.

Біз жоғарыда айтылған (Бекжан: 2011, 13) еңбегімізде Бұмын-Боджман қағанның қоңырат тайпасына жататын божбан руының түп-тегі екенін мәлімдедік. Ал енді «Боджман қағанның інісі Иstemінің ұрпақтары қазір бар ма, болса, қалай атальп жүр» деген үлкен сұрақ қойылатыны өзінен-өзі түсінкіті. Құлтегін ескерткішінде **Істеммән** аты жазылған, алайда уақыт өте келе бұл есім **Істеммін**> **Істеммій** атауына фонетикалық өзгеріс ықпалымен түрленгені қытай жазбасындағы «Сідими деп те аталауды» деген деректен мәлім болады. Бұл жазба деректердегі мәлімет Қоңырат шежіресіндегі **ЖЕТИМДЕР** тайпа есіміне сәйкес келеді. *Істем// Іджстем* сәйкес атаулары **Жетім** сөзіне оңай өзгереді. Заман ағымдарындағы тіршілік кезеңдерінде тайпалас ағайындары Истеммән жабғының ұрпақтарын **Жетімдер** атауына өзгерпіп жібергені айқын. Шежіреде Божбан, Жетімдер болып, бір топқа біріктіріліп айтылады. Бірақ екеуі бір атадан тараған агалы-інілі деген дерек кездеспейді. Бұдан *Іджстемі*> **Жетім** есіміне байланысты олардың ағайындылығы ұмытылған деген қорытынды тудады. Дегенмен кейбір шежірелік деректерде «Жетімдер Божбанның қолында өскен жетім бала» болып сипатталатыны да олардың түпкі шежіреде жақын болып айтылғанына күәлік бере алады. Есімнің осылай **Жетім** болып өзгеруі оның түпкі атасының жетімдігі жайындағы түрлі аңыздарды тудырған. Екеуінің бір атадан туған ағайындылар екендігі олардың ұнемі бірі-бірімен іргелесе қоныстануынан-ақ аңғарылады. Жетімдер ата шежіресінде **Сүйіліши- Оралбай- Мәмітек- Сапар- Себетей** (Қоңырат Жетімдер руының шежіресі: 2011, 149) болып тараплатын аталар тізбегі бар. Бұндағы **Себетей** мен Манастың ұрпағы **Семетей** сәйкес келеді. **Семетей** Иstemій// Сетемій атауынан метатезалық өзгерістен туған есім. Бұл **Себетей** есімі бұрынғы ата есімнің ұмытылмай тұрғандағы қайта қойылуынан хабар береді.

Істеммән-Істемій Боджман қағанның інісі болғандықтан, Түрік қағанатын құру үшін болған жорықтарда Боджман қағанның ірі **Сүйеніші** болғандығы даусыз. Сондықтан да Боджман қағанның өзінің қойған **Сүйеніш** (>Сүйеліш> Сүйіліш// Сүйініш) аты Истеммәннің екінші аты болып кеткен болуы да ғажап емес. Сондықтан да ол туралы халық арасында өз алдына жеке және Алшамыс батыр туралы батырлық жырларда ерекше жырланғаны күмән тудырмайды. Уақыт өте келе тарихи оқиғалардың қоюлануы мен қабаттасуы Истеммәннің атын жырдан шығарып тастаған. Ал бұл оқиғалар қырғыз халқының арасында тікелей өтпегендіктен, Иstemій-Семетей есімі «Манас» жырында сақталып қалған. Бірақ оқиғалары ежелгі тарихи оқиғадан ортағасырлық оқиғаларға ауысқан. Бұл Алшамыс жырында ортағасырлық **Едіге** ердің тікелей Алшамыстың ұлы болып суреттелуінен аңғарылса, Манаста Боджман қағанның інісі **Істемій-Семетей** Манас-Боджманның ұлы болып суреттеледі. Алайда оның оқиғалары ортағасырлық Едіге мен Әмір Темір және Тоқтамыс араларындағы тарихи оқиғалармен сәйкес келеді. Алшамыс жырында Алшамыс батыр жорықтан аман оралып,

үй-ішімен табысады, батырдың өлімі айтылмайды, Жәдігер жетіліп, өз алдына жорық жасайды («Ядгар») (Жирмунский: 1995, 133). Ал Семетей «чунак» атальп, жетім өседі: «Те кто трепетал перед Манасом, отказываются признать власть его сына – «чунака» (сироты), бездомного и одинокого бродяги, как называют Семетея его многочисленные враги» (Жирмунский: 1995, 133). Бұдан біз қазақ тіліндегі Сетемій-Жетімнің қырғыз тіліндегі эпостың құрылымына әсерін көреміз. Яғни, Семетейді жетім ету үшін жыршы Манасты өлтіртеді, Семетейді қашқын етіп, нағашыларының қолында өсіртеді.

Академик В.М. Жирмунский орта ғасырлардағы Орта Азия, Ноғайлы және Қазақ хандықтарындағы тарихи оқиғалардың Манас және оның ұрпақтарына қатысты жырлардың оқиғаларына қатысы туралы жан-жақты токталады. Ноғайлы мемлекетін құрушы Едігенің әйелдері, апалы-сіңлілі Қанықей мен Тінікей – Тоқтамыс ханның қыздары. Едіге мен Тоқтамыс және Орта Азия мемлекетін құрушы Әмір Темір арасындағы тартыстар Семетей жырында көрініс береді. Манастың зайыбының шын аты **Санырабига** (Жирмунский: 1995, 108), бұл Алпамыстың зайыбы **Барышын** атының метатезалық өзгерісі: *Сан+раб* < *Сан+бар* ↔ *Бар+сын*. Көне түркі тіліндегі Сан бар еке> Санраб еке> Санрабига болып өзгерген. Бұл Едіге ер// Жәдігердің (Йәдік ер) зайыбының әсерінен Қанықей есіміне айналған. Эпоста Қанықейдің төркіні Бұхар ханы Темір хан болып айтылады. Темір ханның інісі Шатемірдің қызына Жедигер- Бағыш құда болып, Толтойға атастырылып қойылған. Оны Семетей алғып, Толтойға қарсы әрекет жасайды.

Манас пен Семетейдегі Жедигер Алпамыс батырдың ұлы Жәдігерге тарихи тұлға ретінде сәйкес келеді. Жедигердің ұлы Бағыш пен оның ұлы Толтойдың аттары да Алпамыстың әкесі Байбөрінің әкесінің ағайындары Шыныбай, Құлтай, Тортайға сәйкеседі. Тортай – Құлтайдың баласы. Құлтай қайтыс болған соң Шыныбайдың қолында өседі. Шыныбай аты Шыныбак (бак//бек) деген сәйкес есімге өзгерген деп санасақ, Шыныбақтағы буындар ауысуынан **Бағыш** аты туады: Шын(ы)+бақ↔ Бақ+шын> Бағышын> Бағыш. Ал оның баласы Толтой аты Р//Л сәйкестігіне орай Тортайға (Тортай// Толтай) сәйкеседі. Бұл сәйкестіктер Манас пен Алпамыс батырдың текстік түрғыдан бір кісі екенін айғақтайды.

Қытай жазбаларында жазылып қалған Боджман қаған мен оның ұлдарының аттары, олардың Божбан ата шежіресіндегі ұрпақтар есімдерімен сәйкестігі Түрік қағанатын құрған қағанның аты Бумын емес **БОДЖМАН** екенін тағы да дәлелдей түседі. Едігенің аты орта ғасырда **Йәдік** аталған, ол «Алпамыс батыр» жырының өзбек нұсқасында Ядгар (Йадыг+ар// Йәдік+ер) болып бұрынғы нұсқасын сақтаса, қазақша нұсқасында Жәдігерге ауысқан. **ЕДІГЕ** Қонырат тайпасындағы маңғыт руының өкілі емес, Божбан-Алпамыс батырдың тікелей ұрпағы. Бұл алда тағы да бір жеке зерттеу еңбектің тақырыбы болады.

ӘДЕБИЕТ

Байчоров С.Я. (1989) «Древнетюркские рунические памятники Европы». Ставрополь, С. 79, 81, 86.

Бекжан О. (2010). «Көктүрік қағанаты». Жалын, № 12, 74-80-бб. (желтоқсан).

Бекжан О. (2011). «Көне түркі күл жазуындағы белгісіз екінші кірігіңкі дауыссыздардың мәгинасы мен таңбасы». Түркология, № 3, 13-б.

Бичурин Н.Я. (1998). «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена». I т. Алматы, ТОО «Жалын» баспасы, 294-299-бб.

- Гумилев Л.Н. (1993). «*Древние тюрки*». Москва, С. 464.
- Гумилев Л.Н.(2004). «*Древние тюрки*». Москва, С. 65-67.
- Жирмунский В.М. (1995). «*Введение в изучение эпоса «Манас».*
- Энциклопедический феномен эпоса «Манас». Бишкек, С. 133.
- Қашқары М. (1993). «*Tүбi бiр түркi тілi*». Алматы, 10-11, 22-66.
- Қоңырат Жетімдер руының шеңжіресі (2011). Алматы, «Білім» баспасы, 149-б.
- Өмірәлиев, (2001). «*Қ. М. Қашқары «Сөздігіндегі» поэзия улгілері және оның дәуірі*» Ата тарих айғақтары. Алматы, 204-б.
- Радлов, В.В. (1892; 1995). «*Атлас древностей Монголии. С. Петербург*».
- Moğolistan Tarihi Eserleri Atlası «TİKA». Ankara, s. 18.
- Салғараұлы, Қ. (2002). «*Бумын қаган және Істімі қаган*». Егемен Қазақстан, № 187-188, 197, 199-201 (Тамыз).
- Салғараұлы, Қ. (2008). «*Ұлы қаганат*». Астана, «Фолиант» баспасы, 217-218-66.